«6D050200 – Саясаттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Жампетова Айгерим Оралбековнаның «Заманауи қоғамның жаңғыруы контексіндегі саяси құндылықтар» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Жампетова Айгерим Оралбекқызының «Заманауи қоғамдағы жаңғыру контексінде саяси құндылықтар» атты тақырыпта дайындалған диссертациялық жұмысы 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясының: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытының, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйек «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауының негізгі ережелеріне, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты атты Қазақстан халқына Жолдауы және өзге де нормативтік құжаттармен өзара байланысты.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес. Диссертациялық жұмыс «6D050200 – Саясаттану» бағыты бойынша ұсынылған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы оның саяси құндылықтардың трансформациялану, даму ерекшеліктерін зерттеумен анықталады. Саяси құндылықтар бойынша отандық, шетелдік ғалымдардың тұжырымдамаларына

			талдау жасалып, сондай-ақ заманауи саяси үрдістер жағдайындағы саяси құндылықтарының мән - мазмұнын ашып көрсететін қазақстандықтардың құндылықтық бағдарларын зерттеуге зор үлес қосқан жұмыс болып табылады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	А.О. Жампетованың диссертациялық жұмысын жазу деңгейі жоғары. Ізденушінің орындалған жұмысы дербес, логикалық құрылымды ұстанған, толық әрі жүйелі болып табылады. Жұмыста теориялық және тәжірибелік нәтижелерге қол жеткізілген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген. Заманауи қоғамдағы жаңғыру үрдісі барысында қазақстандықтардың саяси құндылықтарын салыстырмалы талдау негізінде айқындалған. Сонымен қатар, мемлекеттік саясатпен анықталып отырған демократиялық қоғамдағы құндылықтарын жетілдіру мен нығайту, диалог пен азаматтық қатысу дәстүрін дамыту, ынтымақтастығымыз бен бірлігімізге негіз болатын құндылықтарды дамыту қажеттілігі туындап отырғанын атап өткеніміз жөн. Осы орайда, диссертациялық жұмыстағы көрсетілген нәтижелер туындап отырған мәселелерді жан-жақты талдауға бағытталған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық түрде айқындайды. Диссертацияның құрылымы кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыпқа толықтай сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері диссертациялық жұмыста алға қойылған мақсаты мен оны жүзеге асыруға бағытталған міндеттерден туындаған. Алға қойылған міндеттердің негізінде зерттеудің нәтижелеріне қол жеткізілгені айқын көрінуде.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Зерттеудің барлық бөлімдері мен құрылысы өзара тығыз байланыс пен ішкі бірлікте құрылған, қорытындылары

		1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	нақты жүйеленген, кешенді саяси талдау арқылы мәні ашылған, қорытынды бөлімінде ұсыныстар әзірленген, нәтижелері бір-бірімен сабақтас болып келеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Жаңғыру үрдісінде саяси құнылықтарды зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері, тәжірибелік жұмыс нәтижелерін салыстырмалы, сыни талдауымен дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдерімен салыстырылып бағаланған. Зерттеу жұмысының алдына қойылған міндетіне сәйкес, яғни қазақстандық қоғамдағы құндылықтарды дәріптеуде саяси әлеуметтену институттарының қызметіне сыни талдау жасалынған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Осы орайда, бүгінгі таңдағы заманауи саяси құндылықтарының қалыптасу мен дамуына әсер етуші тарихи кезеңдері айқындалып көрсетілді, саяси құндылықтардың заманауи қоғамдағы өзгерісіне талдау жасалып, ерекшеліктері нақтыланды. Сонымен қатар, жаңғыру үрдісі негізінде туындап отырған мәселелерге қатысты ізденуші тарапынан ұсыныстар әзірленді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Осы орайда, бүгінгі таңдағы заманауи саяси құндылықтарының қалыптасу мен дамуына әсер етуші тарихи кезеңдері айқындалып көрсетілді, саяси құндылықтардың заманауи қоғамдағы өзгерісіне талдау жасалып, ерекшеліктері нақтыланды. Сонымен қатар, жаңғыру үрдісі негізінде туындап отырған мәселелерге қатысты ізденуші тарапынан ұсыныстар әзірленді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Автор ұсынған ғылыми – тәжірибелік негізі жаңа және негізделген болып табылады. Жаңғыру үрдісі шеңберіндегі зерттеулер экономикалық және басқару шешімдерін талап етуде, ізденушінің жұмысы мазмұнында бұл айқындалып көрсетілген.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Зерттеу жұмысының барлық қорытындылары ғылыми тұрғыда негізделген және дәлелденген. Ең алдымен, шетелдік, қазақстандық және ресейлік ғалымдардың саяси құндылықтарды классификациялау ерекшеліктері мен идеологиялық бағыттарын зерттеудегі тұжырымдамалық негіздеріне талдау жүргізілді; қазақстандық қоғамдағы құндылықтарды қалыптастырудың негізгі тетіктерінің бірі ретінде саяси әлеуметтену институттарының қызметі сараланған; дәстүрлі саяси құндылықтардың рөлі және олардың қазіргі қоғамдағы әсері көрсетілді; зерттеу нәтижелері негізінде қазақстандықтардың саяси қызметтегі құндылық бағдарларына салыстырмалы талдау жасалды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең	7.1 Ізденуші тарапынан қорғауға ұсынылған тұжырымдар негізделіп, дәйектелген, ғылыми тұрғыдан дәлелденген. 7.2 Қорғауға ұсынылған әр қағидатқа жаңашылдық тән. Сондықтан қорғауға ұсынылатын қағидаттар тривиалды емес. 7.3 Диссертацияның ғылыми нәтижелері жаңа. 7.4 Зерттеу жұмысының қолдану деңгейі кең, заманауи қоғамдағы қазақстандықтардың саяси құндылықтарын анықтауда маңызды болып отыр. 7.5 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері 14 ғылыми жарияланымда жарық көрген: 1. О политических ценностях и предпочтениях современной студенческой молодежи Казахстана // Sotsiologicheskie issledovaniya. 2024. № 4. С. 148–152; 2. Religion in the axiological structure of kazakhstani youth // Central Asia and the Caucasus. Vol. 24 (3) 2021. - P. 195 - 212; 3. Саяси модернизация. Оқу құралы. Алматы. - 2020 ж. – 185 б.; 4. Трансформация политических ценностей современного Казахстана. «Фараби әлемі» // Материалы международной научной конференции студентов и молодых ученых. Том 2., 6 - 8 апреля 2021. Алматы. – С. 374 - 376; 5. Модернизация үрдісіндегі саяси құндылықтардың даму ерекшеліктері. «Фараби әлемі» // Студенттер мен жас

		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция материалдары. Том 2., 6 - 9 апреля 2020. Алматы. – Б. 228 - 230;
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	6. Демократические политические ценности современного общества. «Аль - Фараби» // Журнал социально - гуманитарных исследований. 2019, - № 1(65). С. 123 - 133;
		1) ия;	7. Политические ценности современной казахстанской молодежи. «Фараби әлемі» // Материалы международной научной конференции студентов и молодых ученых. Том 2., 2 - 11 апреля 2019. Алматы. – С. 214 - 217;
		2) жоқ	8. Саяси құндылықтарды зерттеудің теоретикалық негіздері. «Фараби әлемі» // Студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция материалдары. Том 2., 2 - 11 апреля 2019. Алматы. - Б. 231 - 233;
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	9. Basic principles of political values in modern society. «Адам әлемі» // Журнал философский и общественно - гуманитарный журнал. 2018. - №3 (77). С. 22 - 29;
			10. Теоретические аспекты изучения политических ценностей. Материалы XIV международной научной конференции // 15 - 22 мая 2018. Болгария. - С. 102 - 105;
			11. Особенности развития политических ценностей. Вестник КазНУ, Серия Философия, культурология, политология. – Алматы: Қазақ университеті, 2018 - № 1 (63), Б. 210 - 217.
			Сонымен қатар, халықаралық ғылыми конференцияларда баяндама жасалды:
			1. The level of political participation of Kazakhstani youth. 1st International Congress of Social Sciences // October 20–21, 2023. Turkey.
			2. The role of traditional political values in modern Kazakhstani society. 2nd Silk Road International Scientific research Congress // September 26–27, 2023. Turkey.
			3. Political values of modern Turkish students: survey results. 3rd Eurasia international scientific research and innovation congress. January 29-31, 2024. Turkey.

8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Жұмыстың зерттеу әдістері негізделген, ал әдіснамасы нақты жазылған, мақсат пен міндеттерге қол жеткізу үшін сандық және сапалық әдістер, салыстырмалы талдау, ретроспективалық, жүйелік, сараптамалық, құрылымдық - функционалдық әдістері қолданылды, мемлекеттік бағдарламаларға талдау жасалынған. Сондай - ақ шетелдік және қазақстандық әлеуметтік сауалнама әдістерін қолдану арқылы нақты нәтижелерге кол жеткізе білді.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Зерттеуші тарапынан саяси құндылықтарды талдауда сандық зерттеулер мен сапалық зерттеулерді де орынды әрі тиімді пайдаланған. Survio платформасы арқылы өткізілген әлеуметтік сауалнама негізінде өзара нәтижелер мен қорытынды жасауымен дәлелденеді. Зерттеудің жұмысында алынған нәтижелер бір-бірімен сабақтас, ішкі бірлігі дұрыс сақталған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Теориялық қорытындылары, анықталған өзара тұжырымдар тәжірибелік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Диссертациялық жұмыстағы жасалынған тәжірибелік зерттеулер жұмыстың мақсатына, яғни заманауи қоғамдағы азаматтардың саяси құндылықтық бағдарлары, саясаттың маңыздылығы, еркіндік және қауіпсіздік, еркіндік және теңдік сияқты құндылықтардың маңыздылығы, қазақстандықтардың саяси үрдістерге, саяси акцияларға қатысу деңгейін талдау негізінде анықтауымен расталған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыс нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертант 189 ғылыми әдебиетті пайдаланған, ондағы қазақстандық, шетелдік ғалымдардың жұмыстарына тақырыпқа сай кең шолу жасалынған. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын талдауда жыл сайынғы Жолдауларға, мемлекеттік бағдарламалар мен құжаттарға негізделе отырып жүргізілген. Кешенді түрдегі мұндай дереккөздерді пайдалану жұмыстың теориялық – әдістемелік негізін жүйелеуге мүмкіндік берді.

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбына сәйкес ғылыми қағидаттарды негіздеуде жеткілікті болып табылады. Ауқымды түрде әдебиеттерді қолдана отырып, зерттеудің мазмұны толық ашылып, қойылған мақсат пен міндеттер орындалған, жүйелі ғылыми ізденіс болып есептеледі.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы оның саяси құндылықтардың трансформациялану, даму ерекшеліктерін зерттеумен анықталады. Саяси құндылықтар бойынша жан-жақты ғылыми тұжырымдамалары, сондай - ақ заманауи саяси үрдістер жағдайындағы саяси құндылықтарының мән - мазмұнын ашып көрсететін әртүрлі саяси - экономикалық, мәдени жағдайларын зерттеуге айтарлықтай үлес қосқан еңбек болып табылады.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Зерттеудің практикалық маңызы — қоғамның жаңғыру кезеңінде саяси құндылықтар жүйесін қалыптастыру мен дамытуда мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдарға қажетті ұсыныстар мен тәжірибелік құралдарды ұсынуында. Зерттеу нәтижелері саяси институттар, саясаткерлер және білім беру саласының мамандарына заманауи құндылықтар жүйесін жастар арасында ілгерілету, ұлттық бірегейлік пен азаматтық қоғамның тұрақтылығын нығайту бойынша шаралар қабылдауға көмектеседі. Сондай-ақ, бұл жұмыс саяси құндылықтарды зерттеумен айналысатын мамандарға, атап айтқанда, қоғамдық пікірлерді талдау, саяси бағдарларды анықтау және құндылықтарға негізделген әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеу салаларында қолдануға жарамды мәліметтер мен нақты ұсыныстар береді. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелерін оқу үрдісінде «Саясаттану», «Саяси модернизация», «Саяси мәдениет», «Азаматтық қоғам» сияқты пәндерді оқыту барысында пайдалануға болады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертацияда берілген практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияны жазу сапасы жоғары. Теориялық-әдіснамалық тұрғыдан сауатты, толық аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады. Жампетова Айгерим Оралбекқызының «Заманауи қоғамның жаңғыруы контексіндегі саяси құндылықтар» атты тақырыпта жазылған диссертациялық жұмысы талаптарға толықтай сәйкестікте орындалған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Жампетова Айгерим Оралбекқызының диссертациялық жұмысы өзіндік тұрғыда жазылған, саясаттану ғылымына өзара үлес қосқан жұмыс болып табылады. Дегенмен, диссертациялық жұмысқа қатысты кейбір ескерту бар: 1. Neil Howe мен William Strauss ұрпақтар теориясының саяси әлеуметтенудегі рөлі көрсетілген, қазақстандық қоғамдағы азаматтардың ұрпақтар арасындағы ерекшеліктері көрсетілсе, жұмыстың деңгейін одан да арттыратын еді. 2. Диссертациялық жұмыста «Әділетті Қазақстан» және «Жаңа Қазақстанды» құру барысында еліміздің қандай саяси құндылықтарына бет алу қажеттілігіне қажеттілік бар екенін ұсыныстарда көрсетсе жақсы болар еді. Алайда, бұл ескертулер диссертациялық зерттеудің теориялық және практикалық маңызының, ғылыми жаңалықтарының, ғылыми тұжырымдарының мәнділігі мен сапасын кемітпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертациялық жұмысты пысықтау барысында докторант тарапынан 14 ғылыми жұмыс жарыққа шықты. Бұл жарияланымдардың ғылыми дәрежесі өте жоғары. Докторанттың диссертациялық жұмысына негізделген мақалалар әртүрлі әлеуметтік-саяси феномендер мен олардың жас ұрпаққа әсерін зерттейді. Мақалалар қазіргі қазақ қоғамындағы саяси құндылықтар мен жастардың саяси көзқарастарының эволюциясын терең түсінуге бағытталған. Жас ғалымдардың саяси қатысу деңгейі және дәстүрлі саяси құндылықтар арқылы жасалатын әлеуметтік зерттеулердің сапасы мен тереңдігі диссертацияның ғылыми негізін құрайды. Әр мақаланың ғылыми зерттеу әдіснамасы қазіргі саяси үрдістерді түсіну үшін қажетті аналитикалық

			құралдарды қолдануды көрсетеді. Мақалалар қазіргі қоғамдағы саяси құндылықтардың трансформациясы, демократиялық және дәстүрлі саяси құндылықтар, қазақстандықтардың, жастардың саяси қатысуы сияқты маңызды мәселелерге терең талдау жасайды. Сонымен қатар, халықаралық ғылыми конференцияларда жасалған баяндамалар Қазақстан мен Түркиядағы жастардың саяси көзқарастарын салыстырып, олардың саяси мәдениетінің ерекшеліктерін зерттейді. Бұл халықаралық деңгейде ғылыми ізденістер мен тәжірибе алмасулардың нәтижесі ретінде зерттеулердің сапасын арттырады. Ғылыми жетекшімен де бірлесе отырып, «Саяси модернизация» атты оқу құралы жарыққа шықты.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		1. Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

«6D0502000» Саясаттану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Заманауи қоғамның жаңғыруы контексіндегі саяси құндылықтар» тақырыбындағы диссертация толық зерттелген, аяқталған ғылыми жұмыс болғандықтан, оның авторы Жампетова Айгерим Оралбековнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

Ресми рецензент:

ҚР Президентінің жанындағы ҚР Ұлттық ғылым академиясы
Білім және қоғамды дамыту ғылымдар орталығының басшысы,
Саясаттану ғылымының PhD докторы **Ж.М. Төлен**